

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
19.02.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 19.02.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «2014 жылғы 15 тамыздағы Көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өздігінен жүретін машина және техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын енгізу және электрондық паспорттар жүйелерін ұйымдастыру туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушы Қайырбек Айтбайұлы Өскенбаев мырзаға беріледі.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар және әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «2014 жылғы 15 тамыздағы көлік құралы паспортының (көлік құралы шассиі паспортының) және өздігінен жүретін машина мен техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын енгізу және электрондық паспорттар жүйесін ұйымдастыру туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы ұсынылады.

Осы хаттамамен Армения Республикасы келісімге қосылады және электронды паспорттар жүйесін енгізу бойынша міндеттемелерді қабылдайды.

Келісім бірыңғай кеден аумағында көлік құралдарының, өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің еркін айналысын қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға ықпал етеді, сондай-ақ ЕЭО мемлекеттерінің аумағында өндірілген және тіркеуге жататын көлік құралдары мен техниканың басқа да түрлеріне берілетін паспорттың бірыңғай, оның ішінде электрондық нысандарын қолдану мәселелерін реттейді.

Осы келісімді іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссиясы 2015 жылдың 22 қыркүйегіндегі №122 шешімімен электрондық паспорттар жүйесінің жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ көлік құралдарының

және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу тәртібі мен құрылымы бекітілді.

2019 жылғы 13 мамырда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №270 қаулысымен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы электрондық паспорттар жүйесінің ұлттық операторы болып анықталды, ол Қазақстан Республикасының аумағында жүйенің жұмыс істеуін, сондай-ақ жүйенің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылын толық қамтамасыз ететін болады.

2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен электрондық паспорт жүйесін енгізу ережелері бекітілді.

Қазіргі уақытта ұлттық оператор жүйесінің жеке бағдарламасын әзірлеуді бастады.

Еуразиялық экономикалық комиссияның шешіміне сәйкес 2019 жылдың 1 қарашасынан бастап Еуразиялық экономикалық одақ аумағында электрондық паспорттар жүргізілуі тиіс болған. Бірақ ағымдағы уақытта Еуразиялық экономикалық комиссиясы көлік құралдары бойынша электрондық паспорттарды енгізу мерзімдерін 2020 жылдың 1 қарашасына дейін, өздігінен жүретін машиналар бойынша 2021 жылдың 1 қарашасына дейін ауыстыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Осы заң жобасын қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасын кейіннен осы жобаға сәйкес келтіруді және мемлекеттік бюджеттен қаржы шығындарын талап етпейді.

Осыған байланысты заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Айсина Майра Арапқызына беріледі.

АЙСИНА М.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы! Көлік құралдарының электрондық паспорттар жүйесін енгізу бойынша қолданыстағы келісім 2014 жылы қабылданған, ал Қазақстан 2015 жылы оны ратификациялады.

Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы 2019 жылдың 1 қарашасынан бастап Еуразиялық экономикалық одақ аумағында осы жүйені енгізу туралы шешім қабылдаған болатын.

Бірақ жаңа өзіңіз айтып кеткендей, бұл жүйе әлі күнге дейін енгізілген жоқ, 2015 жылдан бастап оны дайындауға төрт жыл уақыт кетті. Сіз жаңа оның шет жағасын айтып кеттіңіз, бірақ нақтылап айтсаңыз.

Бірінші сұрақ. Электрондық паспорттар жүйесі неге көрсетілген мерзімде енгізілмеді? Оның себебі неде?

Екінші сұрақ. Армения Республикасының қосылуымен осы электрондық паспорттар жүйесін енгізу мерзімі кейінге, яғни белгісіз уақытқа шегеріліп қалмай ма? Рақмет.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Дұрыс айтып отырсыз, 2019 жылы 1 қарашадан бастап бұл электрондық паспорттарды іске асырамыз ба деп едік, бірақ

Еуразиялық экономикалық одағына кіретін мемлекеттер дайын болмағандықтан оны тағы да бір жылға кейінге қалдырдық. Оны енді 2020 жылдың 1 қарашасы деп отырмыз. Бірақ 1 қарашада енгізіледі деп толық айта алмаймыз. Қазақстан өз тарапынан барлық жұмыстарды жасап жатыр. «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы толық интеграциялау жұмыстарын жасап жатыр. Біз жақтан ешқандай кедергі жоқ, бірақ мемлекеттердің бәрі бірдей кіруі керек, сондықтан ол барлық мемлекеттерге байланысты.

ТӨРАҒА. Олармен келісім жүргізілді ғой?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Жүргізіп жатырмыз, Нұрлан Зайроллаұлы.

ТӨРАҒА. Олар қай мерзімді сұрап жатыр? Қазір болмайды дейсіз, жақсы, қазір болмайды. Енді ол бір жылдан кейін бе, екі жылдан кейін бе, қай уақытта?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Белгіленген уақыт 1 қараша болатын.

ТӨРАҒА. Сонда біздің өкілдеріміз бар, комиссияның өкілдері бар, Сыртқы істер министрлігінің өкілдері бар, өздеріңіз барсыздар, яғни бір топ мемлекеттік қызметкерлер сонымен айналысып жүр, бірақ сұраққа жауап жоқ.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Нұрлан Зайроллаұлы, ол жалғыз Қазақстанға байланысты емес, сондықтан барлық мемлекеттер...

ТӨРАҒА. Мен түсіндім. Олармен кім келісім жүргізіп жатыр? Сіздің министрлік пе, жоқ, Сыртқы істер министрлігі ме?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Негізі бізде «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы бар.

ТӨРАҒА. Одан кім бар бізде? Тұрысов Әсет Нұрланұлы. Депутаттың сұрағын естідіңіз ғой? Қай уақытта?

ТҰРЫСОВ Ә.Н. Біз 2020 жылдың 1 қарашасына дейін барлық жұмыстарды жасауға тиіспіз.

ТӨРАҒА. Міне, дайын ғой. Сіз дайын емес дейсіз.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Жоқ, Қазақстан дайын.

ТӨРАҒА. Мен түсіндім. Ол мәселе бойынша басқа мемлекетпен кім келісімдер жасап жатыр?

ТҰРЫСОВ Ә.Н. Армения, Беларусь бүгінгі күні дайын емес. Ресей дайын, оларда электрондық паспорт жүйесі бар.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Нұрлан Зайроллаұлы, онымен Еуразиялық экономикалық комиссия айналысып жатыр.

ТӨРАҒА. Ол сол комиссияда жұмыс істеп жатқан біздің өкілдердің жұмысы. Ол жерде қаншама кісі отыр, қаншама жыл отыр, солардың жұмысы ғой. Оларды Үкіметке шақырып, қандай жұмыс атқарып жатқанын білу керек. Өзіңіз айтып отырсыз, бір жылға келісілген, 2014 жылы қойылған, 2015 жылы біз оны қабылдауымыз керек еді деп. Бүгін 2020 жыл. Сонда олар төрт жыл бойы не істеген? Басқа мемлекеттердің өкілдерімен келісіп, үкіметаралық комиссиялардың отырыстарына сол мәселелерді шығарып, жұмыс істеуі керек қой.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Дұрыс айтасыз.

ТӨРАҒА. Дұрыс айтасыз дейсіз. Жұмыс істеу керек. Ол комиссияда Қазақстанның бір топ басшылары отыр, олардың деңгейі де, жалақысы да, басқасы да министрдің деңгейімен бірдей. Енді жұмыстың нәтижесі де болу керек қой. Солай емес пе?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Солай, Нұрлан Зайроллаұлы.

ТӨРАҒА. Армения Республикасының қосылуымен байланысты электрондық паспорт туралы екінші сұраққа не айта аласыз?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Армения Республикасы Еуразиялық экономикалық одағына кіргеннен кейін қабылданған бүкіл рәсімдерге олар да қосылуы керек, сондықтан бүгін қарастырып отырған заңмен олар осы келісімге қосыламыз деп ұсыныс берді. Олар да 1 қарашада дайын болуы керек.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Бычкова Светлана Федоровнаға беріледі.

БЫЧКОВА С.Ф. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос к представителю Министерства торговли и интеграции.

В форме электронного паспорта транспортного средства обязательным пунктом является документ, подтверждающий соответствие обязательным требованиям безопасности, – свидетельство о безопасности конструкции транспортного средства. Он должен выдаваться испытательными лабораториями.

Поясните, пожалуйста, где владелец автотранспорта может получить это свидетельство, если он самостоятельно, в частном порядке ввозит автомобиль из государства – члена ЕАЭС? В испытательных лабораториях Казахстана или в стране, где он приобрел этот автомобиль? Если можно, просьба уточнить, сколько таких лабораторий у нас находится в стране и где они расположены?

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Жанель Сабыровна Кушукова.

КУШУКОВА Ж.С. Спасибо за вопросы.

Действительно, у нас более 40 лабораторий, которые находятся в каждом регионе, они уже аккредитованы и осуществляют такую функцию. Надо сказать, что если это автомобили, произведенные в странах ЕАЭС, то непосредственно сами производители будут выдавать техпаспорта, к которым прикладываются сертификаты соответствия. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Қайназаров Уәлихан Анарбайұлына беріледі.

ҚАЙНАЗАРОВ У.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің өкіліне арналады.

Бірыңғай электрондық паспорттарды енгізу Еуразиялық экономикалық одақ аумағында айналымға шығарылатын көлік құралдарының жалпы дерекқорын құруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде серверлерді, орналасу дерекқорын және әрбір автомобиль туралы мәліметтерді ресімдейтін, сақтайтын электрондық жүйе.

Әрбір жүйенің өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Кемшіліктеріне көлік құралдары туралы ақпарат сақталатын серверлер мен

жүйелердің осалдығын жатқызуға болады. Жүйені сырттан бұзу және істен шығару фактілері кездесуі мүмкін немесе тіпті интернет өшіп те қалады. Бұдан автомобиль туралы ақпарат алу арнасына кіруге мүмкіндік болмайды, сондықтан адамдар машиналарын тексере алмауы немесе тіркей алмауы мүмкін.

Айтыңызшы, біздің жүйемізде, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ елдерімен деректер алмасу кезінде ақаулар қаншалықты жиі орын алады? Және электрондық паспорттар жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қолданасыздар? Рақмет.

ТӨРАҒА. Вице-министр Оразбек Асхат Елубайұлы.

ОРАЗБЕК А.Е. Кешіріңіздер, мен орыс тілінде жауап берейін.

Проблем с нашими внутренними системами, которые работают на обеспечение государственных органов, практически нет.

Что касается проблем при обмене со странами ЕАЭС, то у нас имеется соответствующий шлюз обмена данными, который тоже работает без проблем.

Вы правильно говорите, что есть риски в целом по информационной безопасности для серверов и сетей передачи данных. Эти риски мы совместно будем решать в рамках ЕЭК.

Что касается нашего оборудования, то мы обеспечиваем безопасность посредством серверных помещений и оборудования, расположенного на территории АО «НИТ».

Если говорить по каналам связи, то все вопросы защиты данных, безопасности определим и решим во взаимодействии с нашими коллегами и партнерами из ЕАЭС.

ТӨРАҒА. А сбой уже происходили в этой системе? По практике.

ОРАЗБЕК А.Е. Система сейчас находится на стадии разработки. К 1 ноября 2020 года мы точно эту систему запустим и все вопросы информбезопасности будут предусмотрены. Сейчас мы не можем говорить о каких-то фактах, потому что система пока разрабатывается.

ТӨРАҒА. Вы видите события, касающиеся... Это же каждого гражданина касается, особенно автомобилей из этих стран, которые все берут. Нам очень важно, чтобы обмен данными со странами ЕАЭС был действительно оперативным и полным. Это даст возможность и для своевременной регистрации транспортных средств, которую ведут органы внутренних дел, и для налогообложения органами Комитета государственных доходов. То есть важный участок у Вас, Асхат Елубайұлы.

ОРАЗБЕК А.Е. Согласен, Нурлан Зайруллаевич. Мы этому вопросу уделяем особое внимание. В этом году в закон о новых цифровых технологиях вносим понятие «уполномоченный орган по персональным данным» и будем очень серьезно держать фокус на защите персональных данных и тем более данных, которые будут идти в порядке обмена со странами ЕАЭС.

ТӨРАҒА. И здесь очень важно, Жанель Сабыровна, ваше министерство и, конечно же, Каирбек Айтбаевич, ваше министерство должны с людьми, которые сидят годами в этих комиссиях и ЕАЭС... Они должны работать на

Казахстан. Спят там с утра до вечера, а в конце концов пропускают вещи, из-за которых затем страдают простые граждане, законопослушные граждане. Вовремя не отработали документы со странами – участницами ЕАЭС. Понимаете, в чем вопрос? Вы согласны?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Да, согласен.

ТӨРАҒА. Ну вот. Весь вопрос в том, как у нас относятся к своей работе должностные люди. Если сидит на этом участке, должен с утра до вечера работать в поте лица на страну. Статус огромный там всем дали, по-моему, в ранге союзного министра. Так пусть отработывают!

Еще раз говорю, это должно быть очень четко скоординировано между всеми государственными органами. Должно быть сделано безупречно, в том числе, если это касается обмена данными со странами ЕАЭС по той системе, о которой Вы сейчас говорили, чтобы недоработки либо, Каирбек Айтбаевич, те недоговоренности, по которым еще не достигнуто согласие в переговорном процессе, не сказывались на простых гражданах. Не можете вести переговоры – уходите, пойдут другие вести переговоры и так будут договариваться, чтобы не как здесь получилось.

Один год давали на то, чтобы договориться со всеми участниками, а вы шесть лет (с 2014 до 2020 годы) ведете переговоры и не можете назвать дату, когда придете к финишу. Значит, такие вы переговорщики! Никчемные! Значит, другие должны вести переговоры. Солай емес пе? Результат же должен быть. Надо результат выдавать. От того, что вы каждое утро приходите на работу, трубки снимаете, рукой водите, результат должен быть, а если результата нет, значит, большой вопрос.

Если шахтер мало угля добывает, говорят, что он плохой шахтер. Если государственный чиновник работает так, что нет результата на страну, значит, он плохой чиновник. Схема простая. Это нужно помнить всем – от простого специалиста до министра.

Сөз депутат Дәуренбаев Амангелді Айдарұлына беріледі.

ДӘУРЕНБАЕВ А.А. Ракмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы! Еуразиялық экономикалық комиссия электрондық паспорттар жүйесінің жұмыс істеуін бастау үшін бірінші кезекте қажетті іс-шаралар тізбесін бекіткендігі туралы жаңа баяндамада айттыңыз. Бұл тізбе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің электрондық паспорттары жүйесін міндетті апробациялауды қарастырады. Осыған орай менің сұрағым бар.

Қазақстан Республикасында мұндай апробация жүргізілді ме? Жүргізілсе, онда оның нәтижесін айтып берсеңіз. Ракмет.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Электрондық паспорт енгізіліп жатыр. Бұрын біздің қолданатынымыз техникалық паспорт болатын, олар көлік құралдарының иелеріне бекітілетін. Енді қазір біз енгізіп жатқан электрондық паспорт өндірілген құралдың бірінші күнінен бастап кәдеден шыққанға дейін толық мәліметтерін береді, сондықтан бұл басқа құжат болып саналады.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Звольский Сергей Адамовичқа беріледі.

ЗВОЛЬСКИЙ С.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мои вопросы адресованы представителю Министерства внутренних дел, которое будет являться участником системы электронных паспортов.

Как мы слышим сегодня, сроки введения электронных паспортов еще не определены, тем не менее хотелось бы уточнить, как владельцы поддержанных автомобилей будут оформлять электронные паспорта?

Например, у меня есть автомобиль со сроком службы, я не собираюсь его менять или продавать. Скажите, пожалуйста, в этом случае обязательно ли оформлять электронный паспорт на данный автомобиль? Какие будут преимущества системы электронных паспортов для сферы обеспечения дорожного движения? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Марат Шадетханович.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Спасибо за вопросы.

Интеграция системы Министерства внутренних дел с системой электронных паспортов позволит обобщить исторические данные о вашем автомобиле. К примеру, данные, которые уже есть в нашей АИС «Автомобиль», будут интегрированы в систему электронных паспортов. Что это дает?

Это сведения обо всех владельцах, автомобиле с момента производства, технических характеристиках, установленных агрегатах, переоборудовании и переоформлении, то есть вся история автомобиля. Это поможет нам в дальнейшем как в осуществлении контроля за безопасностью дорожного движения, так и в розыске этих автомашин в случае их похищения, утери и так далее. Эта система очень полезна для нас.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Қайырбек Айтбайұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі депутат Нурумов Шаймардан Усаиновичке беріледі.

НУРУМОВ Ш.У. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті депутаттар! Аталған заң жобасы Армения Республикасының Көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өzdігінен жүретін машина және техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын енгізу және электрондық паспорттар жүйелерін ұйымдастыру туралы келісімге қосылуын көздейді.

Келісім Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінің аумағында шығарылған және тіркеуге жататын көлік құралдарына және техниканың басқа да түрлеріне берілетін паспорттың бірыңғай нысандарын, оның ішінде электрондық нысандарын қолдану үшін жағдай жасауға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда осы келісімді іске асыру мақсатында электрондық паспорттар жүйелерінің жұмыс істеу тәртібі әзірленіп бекітілді.

Хаттама «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңына сәйкес ратификациялауға жатады.

Заң жобасы бойынша Қайырбек Айтбайұлы жаңа ғана өз баяндамасын жасап өтті.

Құрметті әріптестер! Заң жобасы жұмыс тобының отырыстары мен комитеттің кеңейтілген отырысында қаралды.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Құрметті депутаттар, осыған орай сіздерден аталған заң жобасын қолдауды және Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының қарауына жіберуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Шаймардан Усаинович.

Енді, құрметті депутаттар, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Пішембаев Мейрам Құдайбергенұлына беріледі.

ПІШЕМБАЕВ М.Қ. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Қарастырылып отырған хаттама Армения Республикасына Еуразиялық экономикалық одақ аумағына әрекет ететін электрондық паспорттар жүйесін енгізу бойынша міндеттемелерді жүктейді.

Әлемдік тәжірибе бойынша электрондық құжатты жалған жасау қиын, сондай-ақ ол өте ақпаратты деп саналады. Ол бойынша көлік құралының шығарылғанын немесе одақ аумағына әкелген кезеңнен бастап утилизацияға дейінгі техниканың тарихын қадағалауға болады.

Ресейде 2019 жылдың 1 қарашасынан бастап барлық шығарылатын автомобильдерге пилоттық режимде 50 мыңнан аса қағаз құжаттың орнына көлік құралының электрондық паспорттары беріле бастады.

Көлік құралының электрондық паспорттары Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде барлық автокөлік иелері үшін ауыртпалықсыз енгізіледі деп жоспарлануда. Көлік құралының электрондық паспортына толық өту өзара ауыстыру, оларды азаматтар үшін тіркеу рәсімдерін жеңілдетеді, жүйе қатысушыларына техниканың өмірлік циклін қадағалауға, ал мемлекеттік органдарға Еуразиялық экономикалық одақтың барлық елдерінде бірыңғай форматтағы сенімді дерекқорды пайдалануға мүмкіндік береді.

Алайда автомобильдердің электрондық паспорттарға жаппай өтуі көлік құралдарына бағаның күрт өсуін тудыруы мүмкін, себебі машинаға құжаттың қағаз нұсқаларын шығару тегін, ал электронды формат үшін төлеуге тура келеді.

Жалпы, көлік құралдарының электрондық паспорттарын енгізу цифрландыру қадамдарының бірі болып табылады. Бұл көлік құралдарын тіркеу және есепке алу жүйесін қайта құруға, оны толығымен цифрлық етуге мүмкіндік береді.

Бұл заң жобасы өзекті әрі қажет деп санаймын, өйткені электрондық паспорттарды енгізу Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінің аумағында шығарылған және тіркеуге жататын көлік құралдары бойынша қажетті ақпаратты уақытылы алуға мүмкіндік береді.

Әріптестерімді қаралып отырған заң жобасын қолдауға шақырамын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мейрам Құдайбергенұлы.

Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 102, «жақтағандар» – 102. Шешім қабылданды.



*Құжатпен қамтамасыз ету
бөлімінің аяқтар меңгерушісі.
Мағф Н. Мәтінбаев.*